

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОБЪЕКТІЛЕРІ**

---

**ОБЪЕКТЫ ОБЩЕСТВЕННОГО ПИТАНИЯ**

**ҚР КН 3.02-21-2011\***

**СН РК 3.02-21-2011\***

**Ресми басылым  
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №235-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 15 ноября 2018 года №235-НҚ

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ .....	4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты .....	4
4.2 Функционалдық талаптар .....	4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	5
5.1 Жалпы ережелер .....	5
5.2 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	6
5.3 Өрт кезіндегі ғимараттардың қауіпсіздік талаптары .....	7
5.4 Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар .....	10
5.4.1 Тамақтандыру объектілерін орналастыруға қойылатын талаптар .....	10
5.4.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдер .....	12
5.4.3 Кіреберістер, өту жолдары (дәліздер), баспалдақтар, лифтілер.....	13
5.4.4 Келушілерге арналған жайлар .....	14
5.4.5 Өндірістік және қызметтік-тұрмыстық жайлар .....	14
5.4.6 Жарықтандыру .....	15
5.4.7 Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік .....	16
5.5 Инженерлік қамтамасыз ету бойынша талаптар .....	16
5.5.1 Сумен жабдықтау және канализация.....	16
5.5.2 Жылыту, желдету және ауа баптау және газбен жабдықтау.....	18
5.5.3 Электрлік және әлсіз тоқты құрылғылар .....	21
5.5.4 Қоқысты шығару және шаңды тазалау .....	22
5.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	22
5.7 Қоршаған ортаны қорғау .....	23
6 ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР.....	23
6.1 Энергия тұтынуды қысқарту бойынша талаптар .....	23
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану .....	24

## КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде адамның өмір тіршілігі мен қолайлы тұру ортасын құру мақсатында әзірленді.

Осы құрылыс нормаларында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы ҚР ҚН «Қоғамдық тамақтану объектілері» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын құрылыс саласының нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында жобаланатын және салынатын қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жобаларын әзірлеуге арналған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**  
**СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОБЪЕКТІЛЕРІ**  
**ОБЪЕКТЫ ОБЩЕСТВЕННОГО ПИТАНИЯ**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыс нормалары қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жайларын орналастыруға, жер теліміне, көлемдік-жоспарлық шешіміне, инженерлік қамтамасыз етуге, ішкі ортасына, құрамы мен алаңына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

1.2 Құрылыс нормасы 16 қабатты қоса алғандағы биіктікке дейінгі әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы тамақтандыру объектілерін (алғаш рет салатын, қайта салатын, реконструкциялайтын немесе техникалық жарақтайтын), сондай-ақ тұрғын үйлерге және оларға кіріктірілме-жапсарлас салынған тамақтандыру объектілерінің жайларын, мектеп ғимараттарын, қонақ үйлерді, спорт объектілерін және өзге де мақсаттағы ғимараттарды жобалауға таратылады.

1.3 Құрылыс нормаларының талаптары мыналарға таратылмайды:

- тамақтандырудың жылжымалы және маусымдық объектілерін жобалауға;
- бірегей тамақтандыру объектілерін жобалауға.

**\*2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал, терроризмге қарсы объектілерді қорғау жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарда, бөлмелер мен құрылыстарда өрт кезінде адамдарды ақпараттандыру және эвакуациялауды басқару автоматтандырылған өрт белгілері мен автоматтандырылған өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламенті.

## ҚР ҚН 3.02-21-2011\*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 186 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

ҚР ҚН 2.01-01-2013 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау.

ҚР ҚН 2.02-02-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрттік автоматикасы.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-03-2011 Ғимараттардың жылу қорғанысы.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.02-02-2011 Жабдықтар мен құбыр жолдарын жылумен оқшаулау.

ҚР ҚН 4.02-04-2013 Жылу желілер.

ҚР ҚН 4.03-01-2011 Газ тарату жүйелері.

ҚР ҚН 4.04-04-2013 Қалаларды, поселкелерді және ауылдық елді мекендерді сыртқы электрмен жарықтандыру.

ҚР ҚН 4.04-07-2013 Электр техникалық құрылғылар.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жасалған және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық каталог бойынша сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже, сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады

(*Өзгерт.ред.* – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады (*Өзгерт.ред.* – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық):

**3.1 Бар:** Тұтынушыларға жеңіл тамақтар, десерттер мен кондитерлік өнімдер, сондай-ақ, алкогольдік өнімдер ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалу объектісі.

**3.2 Дәліз:** Ғимаратқа жапсыра немесе кіріктірме салынған терезеленген жылытылмайтын жай.

**3.3 Тамақтандыру объектісінің сыйымдылығы:** Залдағы орын саны.

**3.4 Дәмхана:** Келушілерге жылдам қызмет көрсетуге арналған және белгілі шикізат түрінен оңай дайындалатын тағамдардың шектеулі түрі бар қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны. Сатылатын өнімдердің түрлері бойынша дәмханалар жалпы типті және

мамандандырылған болып бөлінеді: тұшпара, сосиска, құймақ, бәліш, бауырсақ, самса, кәуап, шәй т. б. дайындайтын орындар; сату типі бойынша – дәмхана, бистро, кафетерий және т. б.

**3.5 Кафе:** Мейрамханамен салыстырғанда өнімнің шектеулі түрі ұсынылатын және тұтынушылардың тамақтануы мен демалысын ұйымдастыратын кәсіпорын. Фирмалық, тапсырыстық тағамдарды, өнімдерді және сусындарды өткізеді.

**3.6 Лифт холы:** Лифтілерге кіре беріс орын.

**3.7 Өрт қауіпсіздік шаралары:** Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау бойынша іс-әрекеттер.

**3.8 Көп функционалды ғимарат:** Функционалдық өрт қауіпсіздігі бойынша әртүрлі топтағы бөлмелер немесе бөлмелер тобы жататын ғимарат.

Көп қызметтік ғимараттарды жобалаған кезде тиісті ғимарат топтары, ғимараттар, ғимарат бөлімдері немесе бөлме топтарына қатысты функционалдық өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды орындау қажет.

**3.9 Қоғамдық тамақтандыру:** Тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу, өткізу және пайдалануды ұйымдастыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет.

**3.10 Қоғамдақ тамақтандыру объектілері:** Азық-түлік тағамдарын өндіру, қайта өңдеу, сату және ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешендер.

**3.11 Жабық жүйедегі тамақтандыру объектілері:** Белгілі мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған объектілер.

**3.12 Жалпыға қолжетімді тамақтандыру объектілері:** Белгілі мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған жалпы тамақтандыру объектілерінен айырмашылығы халықтың барлық топтары үшін қолжетімді тамақтандыру объектілері.

**3.13 Өрт:** Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне материалдық зиян келтіретін басқарылмайтын өртену.

**3.14 Өрт қауіпсіздігі:** Жеке тұлғалардың, мүліктің, қоғам мен мемлекеттің өрттен қорғану жағдайы.

**3.15 Тамақтандыру объектілері ғимаратының пайдалы ауданы:** Үй-жай ғимаратында орналасқан барлық орындардың жиынтығы, сонымен қоса, баспалдақ торлары, лифт шахталары, ішкі ашық басқыштардан басқа залдардағы балкон және антресоль, фойе және т. б.

**3.16 Реконструкциялау:** Бастапқы түрін, габаритін, ғимараттың техникалық көрсеткіштерін немесе мақсатын өзгерту; қайта қалпына келтіру, жапсыра салу, қондырма салу, сонымен қатар конструкцияны және инженерлік жүйелерді өзгерту және жою.

**3.17 Мейрамхана:** Тапсырыстық және фирмалық, сондай-ақ даяшылар қызметін міндетті ұсыну арқылы алкоголь өнімдерін қоса алғанда, әртүрлі тағамдар түрін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру мен демалу объектілері.

**3.18 Асхана:** Тұтынушылардың өз-өзіне қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектісі.

**3.19 Тағамдарды тарату асханасы:** Дайын аспаздық өнімдерді тасымалдауды іске асыратын тамақтандыру объектісі.

**3.20 Дайындау-асханасы:** Объекті залында дайын тамақтарды, дайындыққа жеткізетін тамақтандыру объектілерінің желілерін жабдықтау үшін жартылай фабрикаттар мен ұн өнімдерін, тағамдарды тарату асханаларын, барларды жабдықтау үшін дайын тамақтарды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын объекті.

**3.21 Тамбур:** Ғимаратқа, баспалдақ торларына немесе басқа жайларға кіреберісте суық ауаның, түтіннің және иістің енуінен қорғайтын есіктердің арасындағы өту кеңістігі.

**3.22 Терраса:** Шатыры бар демалуға арналған алаң түріндегі ғимаратқа жапсыра салынған ашық қоршалған жай.

**3.23 Жертөле қабаты:** Жердің жоспарланған белгісінен төмен биіктігі бөлме биіктігінің жартысынан артық бөлме еденінің белгісі бар қабат.

**3.24 Цокольдық қабат:** Жердің жоспарланған белгісінен төмен биіктігі бөлме биіктігінің жартысынан артық емес бөлме еденінің белгісі бар қабат.

## **4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ**

### **4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты**

Осы құрылыс нормасының нормативтік талаптарының мақсаты келушілер мен қызметкерлерді ғимараттың құрылыс конструкциясының ақаулығы немесе бұзылуы кезінде туындауы ықтимал қолайсыз салдардан, өрт пен басқа да қауіпті жағдайлардан қорғауды ескере отырып, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, қоршаған ортаны қорғауды, энергетикалық тиімділік пен ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ету болып табылады.

### **4.2 Функционалдық талаптар**

**4.2.1** Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің ғимараты негіздер мен көтергіш конструкциялардың жобалық мерзімнің ішінде құрылыс салу немесе реконструкциялау және пайдалану кезінде сыналатын болжамдық әсерлер тіркесіміне төзімді болатындай жобалануы және салынуы тиіс.

**4.2.2** Тамақтандыру объектілерінің ғимаратында оған барлық жағынан өрт техникасының, техникалық құтқару құралдары мен медициналық қызметтердің кедергісіз мүмкіндігін қамтамасыз ететін өткелдер, жолдар мен кіреберістер болуы тиіс.

**4.2.3** Ғимараттар жану ошағын жылдам өшіру мүмкін болмаған жағдайда, өрттің таралуын шектейтіндей жобалануы және салынуы тиіс.

**4.2.4** Қоғамдық тамақтандыру объектілері адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын әлеуметтік ортаны құрумен толықтырылған әртүрлі қызметтерге және процестерге кешенді мүмкіндікті қамтамасыз ететін коммуникативтік құрылымның бірыңғай жүйесін құратындай жобалануы және салынуы тиіс.

**4.2.5** Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде келушілер үшін және ғимаратты пайдалану барысында аумақты көріктендіруді, сәулет-жоспарлау шешімін, санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін еңбек процесі үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс.



4.2.6 Сумен жабдықтау жүйелері судың талап етілген көлемде үздіксіз берілуі қамтамасыз етілетіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.7 Канализация жүйелері сұйық ағындарды судың ағуынсыз, олардың сумен жабдықтау жүйесіне, топыраққа, қоршаған ортаға түсуінсіз, ортаға иіс шығармай өз уақытында кетіруді қамтамасыз ететіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.8 Ғимаратты ылғалдан қорғау жайға атмосфералық ылғалдың енуін, онда дымқылдың пайда болуын болдырмауды, ал сумен жабдықтау жүйелері мен канализациядан су немесе сұйық ағындар аққан жағдайда – апат ошағын үй-жай шегінде оқшаулауды қамтамасыз ететіндей орындалуы тиіс.

4.2.9 Ғимаратқа және оған жылытуды, салқындатуды, жарықтандыруды және желдетуді орнату пайдалануға талап етілген энергия көлемі климаттық жағдайдың төмен болуын ескере отырып, жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.10 Қоғамдық тамақтандыру объектілері және оған іргелес аумақтар қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоса алғанда, барлық адамдардың мақсаттарына сәйкес жерлерге кедергісіз мүмкіндікті қамтамасыз ететіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.11 Ғимараттар онда табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша талаптар сақталатындай және қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз етілетіндей жобалануы, салынуы және бұзылуы тиіс.

4.2.12 Ғимараттар онда энергетикалық ресурстарды қысқарту, сондай-ақ жылу шығынын азайту қамтамасыз етілетіндей жобалануы, салынуы және пайдаланылуы тиіс.

\*4.2.13 Қоғамдық тамақтану объектілерін жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілері тізіміне жататынын анықтау және объектінің терроризмге қарсы қорғаудың тиісті жүйесін жасау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес шаралар қабылдау қажет *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).*

## **5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **5.1 Жалпы ережелер**

5.1.1 Қоғамдық тамақтандыру объектілерін жобалауды өртке қарсы, «Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін сақтай отырып, сондай-ақ «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Табиғаттың қолайсыз жағдайлары мен процестері көбірек болатын сейсмикалық, сел, көшкін болу, карстық қауіпті аймақтарда тамақтандыру объектілерінің ғимараттарын жобалау кезінде қауіп деңгейін азайтатын және олардың жұмыс істеу тұрақтылығын қамтамасыз ететін шараларды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қарастыру керек.

## **ҚР ҚН 3.02-21-2011\***

5.1.3 Тамақтандыру объектілерінің ғимараттары мен құрылыстарының инженерлік қамтамасыз етілуін жобалау ҚР ҚН 4.01-01, ҚР ҚН 4.02-01, ҚР ҚН 4.04-07 және ҚР ҚН 4.03-01 талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.1.4 Тамақтандыру объектілерінің жобаларында ҚР ҚН 3.06-01, өрт қауіпсіздігі, ҚР ҚН 2.02-02 сәйкес мүгедектер мен халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, төтенше жағдайда адамдарды қорғауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға айрықша назар аудару керек.

5.1.5 Тамақтандыру объектілерінің қабаттылығы мен типтерін айналадағы құрылыстың қабаттылығы есебінен қала құрылысының шарттары негізінде анықтау керек.

5.1.6 Аспаздық дүкендер көлемін сауда залы алаңының көлемінен немесе жұмыс орнының санынан шығатын көлеммен анықтау керек.

5.1.7 Тамақтандыру объектілерінің жаздық алаңқайларын орналастыруға, ас пісіру бойынша технологиялық жабдықтарды мен дыбыс шығаратын жабдықтарды тұрғын үй ғимараттарының терезелері мен жаяу жүргінші жолдарына орнатуға тыйым салынады. Тамақтандыру объектілерінің ғимараттарында тұрғын бөлмелерін, қоғамдық тамақтандыруға қатысы жоқ жұмыс пен қызмет көрсетуге арналған бөлмелерді орналастыруға, хайуанаттар мен құстар ұстауға тыйым салынады.

5.1.8 Тамақтандыру объектілерінің аумағы көріктендірілуі тиіс.

5.1.9 Тамақтандыру объектілерінің өндірістік бөлмелерін, келушілерге арналған жайларды салған, реконструкциялаған және пайдаланған кезде шудан қорғау бойынша шаралар орындалуы тиіс.

5.1.10 Тамақтандыру объектілері аумағында инженерлік желілердің жерасты орналасуын қарастыру қажет.

5.1.11 Басқар құрылыстар мен инженерлік желілер арасындағы арақашықтықты ҚР ҚН 3.01-01 бойынша қабылдау керек.

5.1.12 Жерасты желілерін жолдың жүргінші өтетін тұсынан тыс, құрылыстан еркін аймаққа жобалау қажет.

## **5.2 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар**

5.2.1 Конструкцияларды жобалауды геотехникалық жағдайды, өртке қарсы қорғанысты, сейсмикалық әсерді, сондай-ақ, пайдалану мерзімі шектелген көтергіш конструкцияларды ескере отырып жүзеге асыру керек.

5.2.2 Конструкциялардың құрама жүйесі негізінде тұрғын үй немесе қоғамдық ғимарат конструкцияларына, қабат биіктігіне қарай кіріктірілме-жапсарлас салынған тамақтандыру объектілерінің жобалауды жүзеге асыру керек.

5.2.3 Көтергіш конструкциялар қауіпсіздік коэффициенті мен әсер етудің өзіне тән сандық мәнін пайдалану арқылы жобалануы, технологиялық нормаларды сақтай отырып салынуы және ескерту және қорғаныс шараларын сақтай отырып пайдаланылуы тиіс.

5.2.4 Ғимараттар мен құрылыстарды сейсмикалық қауіпті аудандарда жобалаған кезде сейсмикалық жүктемелердің барынша аз мәнін қамтамасыз етуі тиіс құрылыстың

жер сілкінісіне төзімділік талаптарын барлық пайдаланылатын құрылыс материалдарына, конструкциялар мен конструктивтік схемаларға сәйкес сақтау керек.

5.2.5 Конструкциялар мен бөлшектер ҚР ҚН 2.01-01 талаптарына сәйкес ылғалдың, төмен температураның, агрессивтік ортаның биологиялық және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсеріне төзімділікке ие материалдардан орындалуы тиіс.

### **5.3 Өрт кезіндегі ғимараттардың қауіпсіздік талаптары**

5.3.1 Ғимараттың өрт қауіпсіздігі және көлемдік-жоспарлық шешімі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттерінің және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.3.2 Тамақтандыру объектілері ғимаратының нормативтік және техникалық құжаттамасы, оның құрылысында пайдаланылатын құрылыс конструкциялары, бұйымдар мен материалдар қолданыстағы нормативтермен реттелетін өртке қарсы және техникалық сипаттамаға ие болуы керек.

5.3.3 Тамақтандыру объектілерінің жобалық құжаттама құрамында оны пайдалану барысында өртке қарсы талаптардың орындалуын анықтайтын тарау (немесе объекті, ғимарат немесе құрылыс паспорты) қарастырылуы керек.

5.3.4 Қолданыстағы ғимараттың немесе жеке жайдың функционалдық мақсатын тамақтандыру объектісіне өзгерткен жағдайда, оның көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімін өзгерткенде, осы ғимараттың немесе үй-жайдың жаңа мақсатына сәйкес нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет.

5.3.5 Тамақтандыру объектілерінің ғимараттарында конструкциялық, көлемдік-жоспарлық және инженерлік-техникалық шешімдерді және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қарастыру қажет.

5.3.6 Тамақтандыру объектілерінің өрт-техникалық жіктемесі объектінің, ның элементтерінің, материалдары мен конструкцияларының отқа төзімділік деңгейін анықтау негізінде, сондай-ақ өрт қаупінің санатына байланысты жүргізіледі.

Тамақтандыру объектілері ғимараттарын жобалауда өрт-техникалық жіктемені басшылыққа алу керек.

5.3.7 Ғимарат пен өрттен сақтану орны отқа төзімділік дәрежесі бойынша, конструктивтік және функционалдық өрт қауіптілігіне қарай өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес бөлінеді.

5.3.8 Тамақтандыру объектілері функционалдық өрт қаупінің өзге санатына жататын ғимараттар құрамына кіруі мүмкін. Осындай жағдайда, өртке қарсы талаптарды орындау шаралары ғимараттар мен құрылыстардың нақты типтері туралы тиісті құрылыс нормаларының, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға, сондай-ақ осы норма ережелеріне сәйкес қарастырылуы қажет.

## ҚР ҚН 3.02-21-2011\*

5.3.9 Өрттің таралуының алдын алуға арналған өртке қарсы тосқауылдарды (өртке қарсы қабырғалар, арақабырғалар, аражабындар, аймақтар, тамбур-шлюздер, есіктер, терезелер, люктер және клапандар) өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жобалау қажет.

5.3.10 Қолданылатын құрылыс конструкциялары өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес отқа төзімділіктің ең төменгі шегін қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.11 Ғимарат өрт туралы хабарлау жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

5.3.12 Автоматты өрт сөндіру, өрт сигнализациясы мен хабарлау әдісі тамақтандыру объектілері ғимараттарының көлемдік-жоспарлық шешіміне байланысты «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес анықталады.

5.3.13 Тамақтандыру объектілерінің ғимараттары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жабдықталуы тиіс.

5.3.14 Табиғи жарықсыз жертөле қабаттарында жобалауға рұқсат етілген тамақтандыру объектілерінің жайлары түтінді жою құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

5.3.15 Осы нормалардың талаптарында қарастырылмаған жағдайларда, тамақтандыру объектілерінің ғимараттар мен жекелеген жайларды түтіннен қорғау ҚР ҚН 4.02-01 талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.3.16 Тамақтандыру объектілерінің ғимараты мен жайларындағы эвакуациялық жолдарды қоғамдық ғимараттарға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып жобалау керек.

5.3.17 Эвакуациялық жолдарда ҚР ҚН 2.04-01 талаптарына сәйкес табиғи немесе апаттық жарықтандырудың тәуелсіз көзінен шығатын апаттық жарықтандыру болуы керек.

5.3.18 Эвакуациялық жолдары бойынша тамақтандыру нысандарының алшақ жайлары есіктерінің арақашықтығы (дәретхана, жуынатын, темекі шегетін, душ қабылдау және өзге де қызметтік бөлмелерден басқа) қолданыстағы қоғамдық ғимараттарға нормативтік-техникалық құжаттарда көзделгеннен аспауы тиіс.

5.3.19 Эвакуациялық жолдар тамақтандыру объектілері бөлмелеріндегі барлық адамдарды эвакуациялық шыға берістер арқылы қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуі керек. Эвакуациялық жолдарды анықтау, сондай-ақ, оларды орналастыруға талаптар өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5.3.20 Өртке қарсы бөгеттермен бөлінген функционалдық өрт қауіпінң әртүрлі санатына жататын ғимарат бөліктері жеке эвакуациялық жолдармен қамтамасыз етілуі керек.

5.3.21 Тамақтандыру объектісінің ғимаратынан шығатын эвакуациялық жолдар саны ғимараттың кез-келген қабатының эвакуациялық жолдар санынан кем болмауы тиіс.

5.3.22 Тамақтандыру объектілерінің ғимаратынан, бөлмелерінен және қабаттарынан шығатын жолдар одан эвакуацияланатын адамдардың ең жоғарғы ықтимал санына,

эвакуациялау уақытына және адамдардың ықтимал болатын барынша алыс жерлерден жақын шығабәріске дейінгі шекті жол берілген арақашықтыққа байланысты есептеледі.

5.3.23 Төтенше жағдайларда өртке қарсы қорғаныс пен адамдарды құтқаруды қамтамасыз ету мақсатында баспалдақтар мен баспалдақ торлардың әртүрлі түрлерін қолдануды қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптарға, өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес жүзеге асыру керек.

5.3.24 Баспалдақ басқыштары мен алаңдарының таяныштары бар қоршауы болуы керек.

5.3.25 Баспалдақ торда орналасқан жолаушылар лифтілері металл торлармен, сонымен қатар, арматураланған әйнектерден және өзге де отқа төзімділіктің нормаланбаған шегі бар жанбайтын материалдардан жасалған арақабырғалармен қоршалуы мүмкін; ғимараттан тыс орналасқан лифтілерді отқа төзімділіктің нормаланбаған шегі бар жанбайтын материалдардан жасалған арақабырғалармен қоршауға болады.

5.3.26 Лифт холдары мен тамбур-шлюздердің есіктері өртке қарсы болуы, өздігінен жабылуы тиіс. Лифтілік холдар мен тамбур-шлюздердің есіктерін лифті шахтасы жағынан жанғыш материалдардан терезесіз жасауға рұқсат етіледі.

5.3.27 Егер көрсетілген лифті шахтадан шыға берісте өрт кезінде ауа тұтқышы бар тамбур-шлюздер болмаған жағдайда лифті шахтасының түтінге қарсы автоматты қорғанышты түтінденбейтін баспалдақ торлары бар ғимараттарда қарастырған жөн.

5.3.28 Тамақтандыру объектілері ғимаратының өрт сөндіру қиын болатын бөліктері (техникалық бөлме мен қабаттар, жертөле және цокольдық қабаттар және т.б) өрттің ауданын, қарқынын және ұзақтылығын шектеуге бағытталған қосымша құралдармен жабдықтау керек.

5.3.29 Функционалдық өрт қауіптілігі мен отқа төзімділік дәрежелерінің әртүрлі класына жататын тамақтандыру объектілері ғимаратының бөлігін отқа төзімділіктің нормаланған шегі және конструктивтік өрт қауіптілік класы немесе өртке қарсы аражабын арқылы қоршау конструкциялармен бөлу керек.

5.3.30 Тамақтандыру объектілерінің құрылысы барысында өрттің жасырын таралуына әсер ететін құрылыс конструкцияларын қолдануға болмайды.

5.3.31 Құрылыс конструкцияларының бекіту торабының отқа төзімділігі сол конструкцияның талап етілген отқа төзімділігінен төмен болмауы керек.

5.3.32 Құрылыс конструкцияларында сол конструкциялардың отқа төзімділік шегін төмендететін электр желісін төсеуге арналған каналдарды орналастыруға болмайды.

5.3.33 Конструкцияларды әрлеу барысында конструкциялардың ашық бетіне жағылатын арнайы өрттен қорғайтын жабын мен жағынға қойылатын талапты орындау қажет.

5.3.34 Конструкциялардың отқа қауіптілік тобын төмендету немесе отқа төзімділік шегін арттыру мақсатында конструкцияларды кезеңдік ауыстыруға немесе қалпына келтіруге мүмкіндіктер болдырмайтын орындарға арнайы өрттен қорғайтын жабындар мен жаққыштарды пайдалануға болмайды.

5.3.35 Аспалы төбелер өрт қауіптілігі бойынша аражабындар мен жабындарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

## **ҚР ҚН 3.02-21-2011\***

5.3.36 Аспалы төбелер үстіндегі кеңістікке жанғыш газдарды, шаңды ауа қоспаларын, сұйықтық пен материалдарды тасымалдауға арналған каналдар мен құбырларды орналастыруға болмайды.

5.3.37 Тамақтандыру объектілері ғимаратындағы конструкцияларды өрттен қорғайтын тосқауылдар мен қоршайтын конструкциялардың шектескен жерлерінде (оның ішінде ғимарат пішіні өзгерген жерлерде) осы қоршауларды бұзып, өрттің таралмауын қамтамасыз ететін шараларды қарастыру қажет.

5.3.38 Ғимарат объектісін өрт бөліктеріне бөлетін өртке қарсы қабырғаларды өрт ошағы жағынан ғимарат конструкциясы қираған кезде, аралас өрт бөліктеріне олардың өртті таратпауын қамтамасыз ететіндей жобалау керек.

5.3.39 Өртке қарсы тосқауылдардағы ойықтар өрт кезінде жабылатын болуы керек.

5.3.40 Есіктерді, қақпаларды, люктер және клапандарды өрт кезінде автоматты жабылатын құрылғылармен жабдықтау қажет.

5.3.41 Өртке қарсы кедергілердің терезелері ашылмауы, ал есіктері, қабырғалары, люктері мен клапандары өздігінен жабылуға және жабылатын жері тығыздалатын құрылғылармен қамтамасыз етілуі керек.

5.3.42 Негізгі және арнайы өрт машиналарына арналған жолдарды ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес қарастыру қажет.

5.3.43 Ықтимал өртті сөндіруге және құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған конструктивтік, көлемдік-жоспарлық, инженерлік-техникалық және ұйымдық шараларды өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес жобалауға жатады.

5.3.44 Жертөлеге және цокольдық қабаттарға жанғыш газдар, жарылғыш заттар, сонымен қатар, жылдам жанатын материалдар қолданылатын немесе сақталатын бөлмелерді орналастыруға болмайды.

5.3.45 Құс үйту үшін қолданылатын жанғыш газдар баллондарын тамақтандыру объектілерінің жайларына орналастыруға жол берілмейді.

5.3.46 Азық-түлік жайлары бөлмедегі газдарды, түтін мен буды жою үшін табиғи немесе механикалық жолмен желдетілуі тиіс.

## **5.4 Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар**

### **5.4.1 Тамақтандыру объектілерін орналастыруға қойылатын талаптар**

5.4.1.1 Тамақтандыру объектілерін қала және қоныс аумағына орналастыруды ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін міндетті түрде сақтай отырып, елді-мекендер бас жоспарларын дамытуда сауда-тұрмыстық қызмет көрсетудің болашақ схемасын басшылыққа ала отырып жүзеге асыру қажет.

5.4.1.2 Тамақтандыру объектілерін кез-келген орналастыру кезінде халықтың өмір тіршілігінің санитарлық-гигиеналық шарттарының нашарлауына рұқсат етілмейді.

5.4.1.3 Тамақтандыру объектілерін тиісті қалпына келтіретін шараларсыз қолайсыз экологиялық аймақтарға орналастыруға (ШРК және зиянды әсердің рұқсат етілген деңгейлердің артуына) жол берілмейді.

5.4.1.4 Тамақтандыру объектілерін ғимараттың санитарлық-қорғау аймағында, органикалық және радиоактивті қалдықтармен ластанған (Қазақстан Республикасының экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарымен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін) жер телімдерінде, көмір және басқа да шахталардың, байытылған фабрикалар жыныстары үйінділерінің қауіпті аймақтарында, сел, көшкіндер, қар көшкіндері болатын аумақтарда, ықтимал апатты су басу аймақтарында, магистральдік азық-түлік жолдарының және гидрометеостанцияның күзет аймақтарында орналастыруға жол берілмейді.

5.4.1.5 Суды қорғау белдеулерінің су жағалауы аумағында табиғи ортаға әлеуетті зиян келтіруі мүмкін тамақтандыру объектілерін жобалауға және құрылысын салуға тыйым салынады.

5.4.1.6 Тамақтандыру объектілері ғимараттары мен құрылыстарының жаңасын орналастыру, жобалау, салу, ал қолданыстағысын реконструкциялау барысында, оның ішінде, жердің жағдайына кері әсерін тигізетін жаңа технологияларды енгізе отырып, қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жерді қорғау бойынша шаралар қарастырылуы және жүзеге асырылуы тиіс.

5.4.1.7 Тамақтандыру мен тұрғын үй объектілері ғимараттары, өндірістік ғимараттар арасындағы арақашықтықты инсоляция және жарықтандыру есебінің негізінде ҚР ҚН 2.04-01, сондай-ақ өртке қарсы талаптарға сәйкес қабылдау керек.

5.4.1.8 Терезе ойықтары арқылы жарықтандырылатын тамақтандыру объектілерінің ғимараттары мен құрылыстарының арасындағы арақашықтық көршілес ғимараттар мен құрылыстардың жоғарғы ернеуіне дейінгі ең үлкен биіктігінен аспауы керек.

5.4.1.9 Жалпыға қолжетімді тамақтандыру объектілеріне қойылатын қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген қажетті санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы және басқа да талаптарды сақтай отырып, тұрғын немесе өндірістік қоғамдық ғимараттарға кіріктірме немесе жапсарлас салуға жол беріледі. Бұл жағдайда тамақтандыру объектілерінің, сондай-ақ, ол кіріктірме салынатын ғимараттың барлық функционалдық сипаттамалары сақталынуы тиіс.

Аспаздық өнімдер өндірісі бойынша тамақтандыру объектілерінің аспаздық цехтарын тұрғын ғимараттың кіріктірме немесе кіріктірме-жапсарлас үй-жайларға орналастыруға жол берілмейді.

5.4.1.10 Тамақтандыру объектілері жер телімдерінің бас жоспарын жобалаған кезде, осы нормалар талаптарынан басқа ҚР ҚН 3.01-01, ҚР ҚН 3.06-01 талаптары сақталуы тиіс.

5.4.1.11 Тамақтандыру объектілері жер телімдерінің бас жоспарларында аумақты көріктендіруді қарастыру керек.

5.4.1.12 Тамақтандыру объектілері жер телімінің құрамында мыналар болуы тиіс:

- а) кіре беріс алдында көгалдандырылған алаңқай;
- б) автомобиль қоюға арналған алаңдар;
- в) ішкі өтпелер, ғимаратқа кіретін негізгі және өзге де кіре берістер;

г) қонақтарға арналған аймақтан оқшауланған, жүк тиейтін орын мен дебаркадерге автокөлікпен келуге арналған өтпелері бар шаруашылық аймақ; ауылдық жерлерде шаруашылық аймақта қатты отынды сақтауға арналған орын қарастырылуы керек.

## **ҚР ҚН 3.02-21-2011\***

5.4.1.13 Таулы жерде, сондай-ақ, күрделі құрылысты аймақта тамақтандыру объектілерінің құрылысына арналған аймақта қорғау құрылғыларын және қауіпті телімдерде қоршаулар (көтергіштердің, арқан жолдардаң, тау шаңғысы жолдарында, шөгінділердің, тас құлайтын, су қоймаларының және т. б. аймақтарында) қарастырылуы қажет.

5.4.1.14 Тамақтандыру объектілерінің жер теліміне өткелдер, жаяу жүргіншілер жолдарын, жасанды жарық және көгалдандыру қарастырылуы тиіс.

5.4.1.15 Ірі тамақтандыру объектілерінің ғимараттарына, ғимараттар тобына, сонымен бірге көп қызметтік ғимараттарға (жапсарлас және жеке жапсарлас салынған тамақтандыру объектілеріне) кіру үшін негізгі жолдар, ал жеке тұрған тамақтандыру объектілерінің ғимараттарына көмекші жолдар қарастыру керек.

5.4.1.16 Мүгедектер қозғалысын есепке ала отырып жүргінші жолдарымен біріктірілген жол салуға жол беріледі.

5.4.1.17 Өткелдер мен жүргінші жолдарын жобалауда тамақтандыру объектілеріне, оның ішінде, кіріктіріме-жапсарлас салынған бөлмелерге өрт сөндіру машиналарының кіру мүмкіндігін, сонымен бірге кез келген бөлмеге автосатылы немесе автокөтергіші бар өрт сөндіру машиналарының кіруін қамтамасыз ету керек.

5.4.1.18 Тамақтандыру объектілерінің аумағында орналасқан автокөлік тұрағына арналған алаңдар қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптарды, өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын және осы нормалар ережелерін ескере отырып есептелінеді.

5.4.1.19 Ғимараттың жерасты және цокольдық қабаттарында орналасқан жеңіл автокөлікке арналған тұрақтарды қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орналастыру керек.

5.4.1.20 Тамақтандыру объектілерінің аумағын көріктендіру мен көгалдандыру ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес іске асырылады.

5.4.1.21 Жер теліміне шағын сәулет формаларын, сонымен қатар қысқы бақ, жылыжай, жасыл партер және өзге де демалыс пен уақытты көңілді өткізу аумағын орналастыру қажеттілігі әрбір нақты жағдайда анықталады.

### **5.4.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдер**

5.4.2.1 Көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдер санитарлық-гигиеналық, өрт, экология және электрлік қауіпсіздік бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.4.2.2 Бөлмелердің құрамы, ғимараттардың аудандары мен құрылыс көлемі, тамақтандыру объектілерінің технологиялық құрал-жабдығы қызмет көрсетілетін контингентті, ұсынылатын есептік көрсеткіштерді, объектінің функционалдық құрылымын, қажетті коммерциялық тиімділікті, қызмет көрсетілетін адам құрамын ескере отырып анықталады.

5.4.2.3 Тамақтандыру объектілерінің көлемдік-жоспарлық шешімдері мынадай талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

а) технологиялық процестің ағымдылығын;



- б) технологиялық негіз бен дайын өнімнің қарама-қарсы ағынын болдырмауды;
- в) пайдаланылған және таза ыдыстың қарама-қарсы ағынын болдырмауды;
- г) қызметкер мен келушілер қозғалысы жолдарын қиылыстырмауды.

5.4.2.4 Тамақтандыру объектілерін жобалауды сыйымдылық негізінде тамақтану залындағы орын санына байланысты жобалауға жол беріледі.

5.4.2.5 Екі мақсатты тамақтандыру объектілерінің ғимаратын (азаматтық қорғанысты) азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылысына қойылатын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жобалау қажет.

5.4.2.6 Өзінің аспаздық өнімдерін объектіден тыс орналасқан сауда бөлімі мен дүкендер арқылы тарататын тамақтандыру объектілері ғимараттарының құрамына өнімді қаптау, таңбалау, сақтау және жеке есік арқылы сауда желісіне өнім жіберу бөлмелерін қарастыру керек.

5.4.2.7 Тамақтандыру объектілері ғимараттарының терезелері мен витраждарын жобалауда терезе мен витраждарды жеке элементтерге бөлу арқылы санитарлық өңдеу үшін қауіпсіз түрде кезенді ашу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып іске асыру қажет.

5.4.2.8 Ылғалды процестерде жұмыс жасайтын бөлмелерде (өндірістік ғимарат, санитарлық желі және душ), сонымен қатар, басқыш орнатқан орындарға едендерге гидроқшаулау қарастыру қажет.

5.4.2.9 Өндірістік бөлмелер мен өзіне-өзі қызмет көрсету залдары едендерінің еңіс болуына жол берілмейді.

### **5.4.3 Кіреберістер, өту жолдары (дәліздер), баспалдақтар, лифтілер**

5.4.3.1 Тамақтандыру объектілерінің ғимаратындағы лифтілер қоғамдық ғимараттарға және өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Тамақтандыру объектілерінің ғимаратында лифті құрылғысының және басқа да тік көлік құралдарының қажеттігі осы бөлімнің талаптарымен және әрбір нақты жағдайда белгіленеді.

5.4.3.2 Жолаушылар лифтісінің санын қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптарға сәйкес есеп негізінде анықтау керек.

5.4.3.3 Жолаушылар лифтісінен шыға берістерді лифт холы арқылы жобалау керек.

5.4.3.4 Адамдарды эвакуациялауға арналған тамақтандыру объектілерінің ғимаратындағы баспалдақ сатыларының ені өрт қауіпсіздігі бойынша немесе қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптарға сәйкес анықталады.

5.4.3.5 Баспалдақ торларға, әр типтегі баспалдақтарға қойылатын талаптар, сонымен қатар эвакуация жолындағы баспалдақтардың еңістігі өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға сәйкес анықталады.

5.4.3.6 Объектінің өндірістік ғимаратының барлық функционалдық тобы адамдар мен жүк ағыны қозғалыс жолының шектесуін болдыртпайтын өндірістік дәліз арқылы қолайлы қызметтік-технологиялық өзара байланысқа ие болуы керек.

5.4.3.7 Тамақтандыру объектілерінің ғимараттарында жүк лифтісін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қарастыру қажет.

5.4.3.8 Жүк лифтілерінің жүк көтерімділігі мен кабина габариттері жіктеу топтарын - лифтілердің жүктерді тиеу мен түсіру үшін қарастырылған тамақтандыру объектілері мен механикаландыру құралдарын ескере отырып белгіленеді. Жүк лифтілерінің қажетті ең төменгі санын жүк ағынының есебімен анықтау керек.

5.4.3.9 Әр қабатта жүк лифтілеріне кіре беріс алдына жүк тиейтін алаң қарастыру керек. Жүк түсіретін аймақтар сатуға арналған тауарларды қабылдау, сақтау және дайындауға арналған бөлмелер тобының минималды нормаланған аудандар құрамына жатпайды.

5.4.3.10 Лифтілердің машина бөлімдерін және жүк көтергіштерді тұрғын үй ғимаратының астына тікелей орнатуға болмайды.

#### **5.4.4 Келушілерге арналған жайлар**

5.4.4.1 Келушілерге арналған жайлардың жиынтығын төмендегідей көрсеткішке қарай жобалау қажет: нысан типі, оның сыйымдылығы, формасы мен қызмет көрсету әдістері, келушілер құрамы.

5.4.4.2 Өнімді жіберуге арналған бөлме залға қарап орналасуы және салқындататын витриналарымен бірге бар бағанымен жабдықталған болуы керек; өнімді сақтауға арналған бөлме мұздатқыш шкафтармен, мұз генератор стеллаждармен және тауар қоюға арналған сөрелермен жабдықталуы керек. Тауарлардың тасымалдау жолы мен келушілердің жүру жолын қиылыстыруға болмайды.

5.4.4.3 Даяшы қызмет көрсететін тамақтандыру объектілерінің тарату аймағы мен барлар өндірістік бөлмелер тобы аймағында орналасуы тиіс.

5.4.4.4 Қосымша қызмет көрсету жайына санитарлық тораптар, тұрмыстық қызмет көрсету бөлмесі және т. б. жатады.

#### **5.4.5 Өндірістік және қызметтік-тұрмыстық жайлар**

5.4.5.1 Өндірістік жайлар өнімді дайындау процесінің үздіксіздігі мен үзіліссіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірегей функционалдық аумақта орналастыру қажет. Функционалдық қабатты аумаққа бөлудің осындай принципін өндірістік жайларды бірнеше қабатқа орналастыру керек.

5.4.5.2 Оқшауланған функционалдық аумаққа шикізатпен жұмыс жасайтын дайындау цехтарын жүк пен адамдардың қозғалыс жолдарының қиылысуына жол бермей орналастыруға болады.

5.4.5.3 Өндірістік цехтарды жеке жайларға орналастыру қажет.

5.4.5.4 Өндірістік жайлар мынадай функционалдық шағын топтардан тұруы тиіс: негізгі өндірістік, қойма және қызметтік-тұрмыстық бөлме.

5.4.5.5 Функционалдық байланыстардың ең төменгі ұзақтығының барысында және технологиялық және көлік ағынының қиылысуы болмаған жағдайда, технологиялық процестің үздіксіздігі мен үзіліссіздігі цехтардың тамақтандыру объектілері ғимараттарының жоспарлық құрылымында тиісті орналасуын қамтамасыз етуі тиіс.

Технологиялық процестің үздіксіз кезеңін ұсынатын цехтардың бөлімдерінен басқа цехтарды өтпелі етіп жобалауға болмайды.

5.4.5.6 Даяшы қызмет көрсететін тамақтандыру объектілеріндегі тарату бөлмелерін ыстық тамақ, суық тамақ цехы, ыдыс жуатын орын, бар бөлмелеріне шығатын технологиялық ойықтармен (есіктермен) жобалау керек.

5.4.5.7 Тарату ауданын тамақтандыру нысанның типіне, оның сыйымдылығы, келушілер ағыны мен құрамына, тарату жабдығының типіне, тамақ түрлері, есептік тораптарға т.б. байланысты анықтау қажет.

5.4.5.8 Көмір немесе отынмен жанатын асүйлік пешті жеке есігі бар өзге бөлмеге жобалау керек.

5.4.5.9 Тұрғын үй ғимаратына кіріктірілме және кіріктірілме-жапсарлас салынған тамақтандыру объектілерінің шаруашылық аймағы мен жүк түсіретін алаңдарды терезесі жоқ және тұрғын бөлмеге кіре берісі жоқ бөлігіне орналастыру керек.

5.4.5.10 Жүк түсіру (өнімді қабылдауға арналған) және қойма (өнімді сақтауға арналған) жайларын жүк лифтілеріне тікелей кіру және өндірістік дәліз арқылы басқа жайлармен өзара байланыс арқылы бірыңғай функционалдық аймаққа біріктіру керек.

5.4.5.11 Тұрғын үйлер мен олардың құрылысында орналасқан тамақтандыру объектілерінің жүк түсіретін орындары мен платформалары бөлмелерде немесе шатыр астында қарастырылуы керек. Жүк түсіретін платформалар (алаңдар) бөлмелері желдетілуі тиіс.

5.4.5.12 Цокольдық және жертөле қабаттарында орналасқан жүк түсіретін жайды тік есігі және пандустар бар люктермен жабдықтау керек.

5.4.5.13 Жекелеген салқындатылатын камералар алаңын объекті сыйымдылығының нәтижесінде анықтау керек.

5.4.5.14 Салқындататын камералар температурасы мен ылғалдылығы жоғары бөлмелерге жақын, сондай бөлмелердің астына және үстіне орналастыруға болмайды.

5.4.5.15 Өтпе жолдарда камераларды жобалауға жол берілмейді.

5.4.5.16 Тоңазытқыш машиналарын баспалдақ алаңдарына, баспалдақ астына, кіре беріс есіктерге жақын, салқындатқыш камера тамбурына, шаң көп жиналатын бөлмелерге орналастыруға болмайды.

5.4.5.17 Ерлер мен әйелдердің киім ілетін бөлмелерінің жанынан душ кабиналарымен іргелес киім ауыстыруға арналған бөлме қарастыру қажет.

5.4.5.18 Кір жуатын орын құрамына таза және таза емес кірге арналған бөлімше жобалау керек.

#### **5.4.6 Жарықтандыру**

5.4.6.1 Тамақтандыру объектілерінің бөлмелерін табиғи және жасанды жарықтандыруды жобалау ҚР ҚН 2.04-01 талаптарын сақтай отырып орындалуы керек.

5.4.6.2 Инсоляцияның қажетті ұзақтығын тамақтандыру объектілерінің ғимараттарын орналастыру мен бағдары арқылы қамтамасыз ету қажет.

## **ҚР ҚН 3.02-21-2011\***

5.4.6.3 Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарда көзделген барлық жайларды табиғи жарықтандырусыз жобалауға жол беріледі.

### **5.4.7 Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік**

5.4.7.1 Адамдар мен ғимарат элементтері тоққа қосылған құрал-жабдықтың ыстық және электрлі бөлігімен байланысынан қорғалуы қажет.

5.4.7.2 Ғимарат құрылысында пайдаланылатын газ, сұйықтық, радиация немесе материалдар бөлінетін қатты бөліктер көлемі материалдың бетіндегі зиянды шоғырланымынан аспауы тиіс.

5.4.7.3 Эвакуациялық, танымдық, бағдарлық белгілер анық көрінуі қажет және осы белгілердің белгіленген жағдайларында сәйкесінше танымды болуы керек.

5.4.7.4 Белгілер шыға берістер мен қауіпсіз жерлерді белгілеуі қажет және эвакуация жолдарын анықтайтындай және адамдарды шыға берістер мен қауіпсіз жерлерге бағыт көрсететіндей орналасуы және электр энергиясы өшкен жағдайда да көрінетіндей қалуы тиіс.

\*5.4.7.5 Жүйе мен құралдарды қорғаудың дабыл жүйесін, кіруді бақылау жүйесін, ескерту жүйесі мен құралдарын, теледидарлық бейнебақылау жүйелерін жабдықтау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*).

